

## "Шымкент қаласы әкімінің апараты" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 14 қыркүйектегі № 66 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 7 қазанда № 3353 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 16 мамырдағы № 808 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әкімдігінің 16.05.2016 № 808 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2-тармағына, "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына және "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы Жарлығына сәйкес, Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ережесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Шымкент қаласы әкімінің аппарат басшысы Р.Аюповқа жүктелсін.
3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*

*F.Әбдірахымов*

Шымкент қаласы әкімдігінің  
2015 жылғы 14 қыркүйектегі  
№ 66 қаулысымен бекітілген

## **"Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы**

### **ЕРЕЖЕ**

#### **1. Жалпы ережелер**

1. "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Шымкент қаласы әкімдігінің және әкімінің қызметін ақпараттық-аналитикалық,

ұйымдастыру-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ведомствалары жоқ.

3. "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеме үйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен, "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, Тауке-хан даңғылы 6, индекс 160011.

10. Мемлекеттік органның толық атауы - "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

14. Миссиясы: "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі қала әкімнің және әкімдігінің қызметін қамтамасыз етеді.

15. Міндеттері: Шымкент қаласының әкімі мен әкімдігінің қызметін ақпараттық-аналитикалық, ұйымдастыру-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету.

16. Функциялары:

Мына:

1) мемлекеттік органдармен, ұйымдармен және азаматтармен өзара қарым-қатынастарда;

2) облыс әкіміне орталық мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінің Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Президенті мен Үкіметі актілерін олардың орындауға қатысты бөлігіндегі қызметі туралы ұсыныс енгізу;

3) тиісті адамдарды мемлекеттік наградалармен марапаттау, оларға құрметті және өзге де атақтар беру туралы облыс әкіміне ұсыныс енгізу;

4) қалалық мәслихатқа "Қаланың құрметті азаматы" атағын беруге ұсыныс енгізу;

5) заңмен белгіленген тәртіппен лауазымды адамдарды қызметке тағайындауды және қызметінен босатады;

6) азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөнінде шаралар қабылдау;

7) жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасау;

8) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органды кәсіби емес медиаторлар тізілімін жүргізу үшін уәкілетті орган ретінде айқындау;

9) мектепке дейінгі ұйымдарға, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарына (қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі білім беру ұйымдарын қоспағанда), әлеуметтік-мәдени сала мекемелеріне материалдық-техникалық қамтамасыз етуде қолдау көрсету және жәрдемдесу;

10) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді жинауға жәрдемдесу;

11) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін жергілікті мемлекеттік

басқарудың базалық құрылымдары негізінде қалыптастырылған әкімшілік-аумақтық бірлікті басқару схемаларын тиісті мәслихаттың бекітуіне енгізу;

12) ведомствоаралық сипаттағы мәселелер жөніндегі консультациялық-кеңесші органдардың дербес құрамын мәслихаттың бекітуіне ұсыну;

13) өз құзыреті шегінде әскери міндеттілік және әскери қызмет, жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру мәселелері жөніндегі, азаматтық қорғау, сондай-ақ азаматтық хал актілерін тіркеу саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының орындалуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

14) өздерінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша, оның ішінде жергілікті өзін-өзі басқарудың қалыптасуы мен дамуы үшін құқықтық, ұйымдастырушылық жағдайлар жасау жөнінде төмен тұрған әкімдердің жұмысын үйлестіру;

15) төмен тұрған әкімдердің қызметіне бақылауды жүзеге асыру.

16) жергілікті бюджетінің атқарылуын қамтамасыз ету;

17) жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті тиісті мәслихатқа және облыстың тексеру комиссиясына табыс ету;

18) қаланың тиісті қаржы жылына арналған бюджеті туралы қалалық мәслихаттың шешімін іске асыру туралы қаулы қабылдау;

19) бюджеттік комиссиясын құру, ол туралы ережені бекіту және оның құрамын айқындау.

20) Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген жағдайларда қаланың тиісті қаржы жылының бірінші тоқсанына арналған облыстық қаржы жоспарын бекіту;

21) қаланы дамыту бағдарламасын әзірлеу және мәслихаттың бекітуіне ұсыну, оның орындалуын қамтамасыз ету;

22) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы іс-шараларды қаланың даму бағдарламасына енгізуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында ақпараттық қызметті жүзеге асыру;

23) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында мемлекеттік саясатты жүргізуді қамтамасыз ету;

24) заң актілеріне сәйкес қаланың коммуналдық меншігін басқару, оны қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

25) азаматтар мен ұйымдардың Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкімет актілерінің, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын орындауына жәрдемдесу;

26) қала аумағында кәсіпкерлік қызмет пен инвестициялық ахуалды дамыту

үшін жағдай жасау;

27) осы қаланың аумағында құрылыш салудың бас жоспарларын өзірлеу және оларды қалалық мәслихаттың бекітуіне ұсыну, қаланың коммуналдық меншік объектілері мен әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілер салу, реконструкциялау және жөндеу бойынша тапсырысшы болу, қалаішілік коммуналдық желілер мен құрылыштарды салуға рұқсат беру;

28) қаланың су құбырларын, тазарту құрылыштарын, жылу мен электр желілерін және басқа да көліктік және инженерлік инфрақұрылымдар объектілерінің құрылышын салуды және пайдалануды ұйымдастыру;

29) әскери тіркелу мен әскери қызметке шақыру жөніндегі, сондай-ақ азаматтық қорғаныс мәселелері жөніндегі іс-шаралардың ұйымдастырылуын қамтамасыз ету;

30) Қазақстан Республикасының көлік саласындағы заңнамасына сәйкес жолаушылар тасымалын ұйымдастыру;

31) Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жер қатынастарын реттеуді жүзеге асыру;

32) қалалық жолдарды салуды, пайдалануды және күтіп ұстауды ұйымдастыру;

33) коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуын және оны бөлуін ұйымдастыру;

34) коммуналдық тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру;

35) тұрғын үй қорына түгендеу жүргізу;

36) мемлекет қажеттіліктері үшін жер участеклерін алып қоюды, оның ішінде сатып алу арқылы алып қоюды жүзеге асыру;

37) республиканың сейсмикалық қауіпті аймақтарында орналасқан тұрғын үй-жайлардың сейсмикалық беріктігін орнықтыруға бағытталған іс-шараларды откізу;

38) авариялық үй-жайларды бұзуды ұйымдастыру;

39) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету;

40) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген шарттармен және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастырын тәртіппен тұрғын үйлерді коммуналдық тұрғын үй қорынан азаматтардың меншігіне беруді жүзеге асыру;

41) халықты әлеуметтік қорғау, ана мен баланы қорғау мәселелерін шешу, халықтың әлеуметтік жағынан дәрменсіз топтарына атаулы көмек көрсету, оларға қайырымдылық көмек көрсетуді үйлестіру;

42) қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен оналтуды ұйымдастыруды және жүзеге асыруды қамтамасыз ету;

- 43) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған сотталған адамдарға өлеуметтік-құқықтық көмек көрсету саласындағы өзге де өкілеттіктерді атқару;
- 44) қала аумағындағы экологиялық, тарихи, мәдени немесе ғылыми құндылығы бар табиғат объектілерін және өзге де объектілерді табиғаттың, тарих пен мәдениеттің қорғалатын ескерткіштері деп жариялау туралы ұсыныс енгізу;
- 45) қоғамдық орындарды абаттандыру және сыртқы безендіру мәселелерін шешу;
- 46) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдерін тарта отырып, ведомствоаралық сипаттағы мәселелер бойынша консультациялық-кеңесші органдар құру;
- 47) тиісті аумақта ветеринариялық іс-шаралар жүргізуді, мал шаруашылығында пайдаланылатын арнаулы көмбелер (көмінділер) салуды және ұстауды ұйымдастыру, сондай-ақ ауру малдарды санитарлық союды ұйымдастыруды жүзеге асыру;
- 48) азаматтардың тегін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алу құқығының іске асырылуын жүзеге асыру;
- 49) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекемелерді және мемлекеттік кәсіпорындарды құру, облыстық атқарушы орган белгілеген штат санының лимиті және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормативтер шегінде жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың штат санының лимитін белгілеу;
- 50) салық төлеушіні тіркеу есебіне алу орны бойынша мемлекеттік кіріс органының жергілікті бюджетке толық көлемде түсетін салықтарды төлеу жөніндегі салықтық міндеттемелерді орындау мерзімдерін өзгерту туралы шешімдерін келісу;
- 51) терроризмге қарсы комиссиялар арқылы қаланың аумағында терроризм профилактикасы, сондай-ақ терроризм салдарларын барынша азайту және (немесе) жою жөніндегі қызметті ұйымдастыру;
- 52) өлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлардың профилактикасына, сондай-ақ қала аумағында олардың зардаптарын барынша азайтуға және (немесе) жоюға қатысады;
- 53) дene шынықтыруды және спортты дамыту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;
- 54) жеке адамдардың тұрғылықты жері бойынша және олардың көпшілік демалатын орындарда спортпен шұғылдануы үшін инфрақұрылым жасау;
- 55) жергілікті мемлекеттік басқару мұддесінде Қазақстан Республикасының

заннамасымен жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру мәселелері бойынша қала әкімінің және әкімдігінің қызметін қамтамасыз ету.

### 17. Құқықтары мен міндеттері:

- 1) мемлекеттік органдардан, қаладағы аудан әкімдерінен қажетті ақпараттарды сұратуға және алуға, сондай-ақ оларға өз құзіреті шегінде орындалуға міндетті тапсырмалар беруге;
- 2) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Укіметінің, облыс әкімінің актілері мен тапсырмаларының, қала әкімінің шешімдері мен әкімдерінің және оның орынбасарларының тапсырмаларының орындалуына талдау жүргізуге, анықталған заң бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қабылдауға, себептері мен орындалмау жағдайларын анықтауға;
- 3) заннамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардың билігіндегі ақпараттық деректер жиынтығын пайдалануға;
- 4) заннамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік көлік құралдарын, байланыс және коммуникациялар жүйелерін пайдалануға;
- 5) заннамада белгіленген тәртіппен қала әкімдігі мен әкімі қарайтын мәселелерді дайындауга және шешуге қатысуға аппараттың, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың қызметкерлерін, кәсіпорындар мен ұйымдардың өкілдерін тартуға.

## 3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеме басшысы жүзеге асырады.

19. "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысын қолданыстағы заннамаға сәйкес Шымкент қаласының әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

20. "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі басшысының өкілеттігі:

1) "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруына жауапты болады;

2) дара басшылық принциптерінде іс-қимыл жасайды және Қазақстан Республикасының заннамасымен және осы Ережемен белгіленген өз құзыретіне сәйкес "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі қызметінің

мәселелерін дербес шешеді;

3) "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің атынан сенімхатсыз іс-қимыл жасайды;

4) барлық органдар мен ұйымдарда "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүдделерін білдіреді;

5) заңнамамен белгіленген жағдайлар мен шектерде "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүлкіне билік етеді;

6) бұйрықтар шығарады және "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің орындаулары үшін міндettі нұсқаулар береді;

7) қала әкіміне қала әкімінің шешімдері мен өкімдерінің, әкімдіктің қаулыларының жобаларын және материалдар ұсынады;

8) "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже жобасын әзірлейді және оны қала әкімдігіне бекітуге ұсынады;

9) мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеуге басшылық жасайды;

10) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін, облыс және қала әкімдерінің шешімдері мен өкімдерінің, облыстық және қалалық әкімдіктердің қаулыларын орындау жөнінен "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылымдық бөлімдердің жұмысын үйлестіреді қадағалайды, осылардың орындалуы бойынша шаралар қабылдайды, нәтижесі бойынша қала әкімі атына ұсыныстар енгізеді;

11) қала әкіміне "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін сыйақыландыру, тәртіптік жаза қолдану жөнінде ұсыныстар береді;

12) сенімхаттар береді;

13) өз күзіреті шегінде қызметтік құжаттамаға қол қояды;

14) қала әкімдігіне түскең, қала әкімі мен оның орынбасарларына берілген барлық тапсырмалардың орындалуын қадағалайды, ол туралы қала әкіміне баяндайды;

15) "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінде келісім-шарт негізінде жұмыс атқаратын қызметкерлерді жұмысқа қабылдау мен босатуды ресімдеу, енбек шартын бұзу, тәртіптік жауапкершілікке тарту, жыл сайынғы енбек демалысына жіберу мен демалыстан шақырып, алу бойынша бұйрықтар қабылдайды;

16) оған заңнамамен, қала әкімімен және осы Ережемен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

"Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны

алмастыратын тұлға орындайды.

21. "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын аппарат басшысы басқарады.

#### **4. Мемлекеттік органдың мүлкі**

22. "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иелікten шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

25. "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.